



**Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына,  
академик М. Қозыбаевтың 90 жылдығына арналған іс-  
шараларды ұйымдастыру және өткізу жоспарының  
ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ**

## **МАЗМҰНЫ**

- 1. Көрнекті ғалым, академик М. Қозыбаевтың 90 жылдығына асналған іс-шараларды өткізудің идеялық негіздері**
- 2. Іс-шараларды өткізудің мақсаты мен міндеттері**
- 3. Іс-шараларды ұйымдастыру және өткізудің негізгі бағыттары**
- 4. Тұжырымдаманы жүзеге асыру**
- 5. Құжаттық және ұйымдастырушылық қамтамасыз ету**

*«1991 жылғы 16 желтоқсанда біз, Қазақстан халқы,  
егемендікті, бостандықты, әлемге ашықтықты таңдадық.  
Бүгінгі таңда бұл құндылықтар біздің күнделікті өміріміздің бір бөлігіне  
айналды. Біздің басты мақсатымыз-2050 жылға қарай мықты  
мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің  
негізінде берекелі қоғам құру».*

**Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы**  
**Н.Ә. Назарбаев**

*«Ғалымның Отандық тарих ғылымы саласындағы  
сіңірген еңбегі мен артында қалған мол мұрасы,  
шығармалары халықтың игілігі мен қазынасы болып қала береді».*

**Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы**  
**Н.Ә. Назарбаев**

Тұжырымдамада Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына, академик М.Қозыбаевтың 90 жылдығына арналған барлық іс-шаралар мен белсенділікті **біртұтас, толық, түсінікті және нәтижелі** коммуникациялық науқанға жинақтайтын мәндер көрсетілген.

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫНА, АКАДЕМИК М. ҚОЗЫБАЕВТЫҢ 90 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН ІС-ШАРАЛАРДЫ ӨТКІЗУДІҢ ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗІ**

**1991 жылғы 16 желтоқсанда** «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң қабылданды. Қазақстан тұңғыш рет әлемдік қауымдастық мойындаған, заңды ресімделген тәуелсіз мемлекет мәртебесіне ие болды. Бұл дәуірлік оқиға көптеген ұрпақтың арманы мен үмітін шындыққа айналдырды.

Бұл күнде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың – мемлекеттіліктің қазақстандық үлгісінің сәулетшісі, жаһандық қауіпсіздіктің көптеген стратегиялық бастамаларының авторы ретіндегі рөлі айрықша көзге түседі.

Тұңғыш Президент – Елбасының бастамасымен экономиканы нарықтық жолға көшіруі, елдің ядросыз мәртебесін бекітуі, елорданы көшіруі, бағдарламалық құжаттарды қабылдауы, Қазақстан халқының этносаралық келісім, толеранттылық және бірлік бірегей институты болып табылатын Қазақстан халқы Ассамблеясын құруы туралы шешімдер және басқа да көптеген стратегиялық бастамалар өзінің тарихи өміршеңдігі мен тиімділігін дәлелдеді.

Қазіргі Қазақстан – әлемдік қауымдастықтың толыққанды мүшесі, экономикасы өсіп келе жатқан, халқы біртұтас және үлкен жоспары бар ел. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі аз ғана уақытта республика түрлі

салаларда ауқымды реформаларды табысты жүзеге асыратын қазіргі заманғы, бәсекеге қабілетті мемлекетке айналды.

Еуропадағы қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымына, Ислам ынтымақтастық ұйымына, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңеске, Еуразиялық экономикалық одаққа, Астана Саммитіне, Сирия дағдарысын реттеуге төрағалық етуі секілді оқиғалардың бәрі де айтулы, елдің халықаралық аренадағы жоғары беделінің көрсеткіштері.

2019 жылдың басында Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев Жастар жылының салтанатты ашылу рәсімінде сөйлеген сөзінде Үкіметке Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығын дайындау және мерекелеу жөніндегі бағдарламаны әзірлеуді тапсырды. Тұтастай алғанда, Тәуелсіздіктің 30 жылдығын мерекелеу жалпыұлттық сипатқа ие болу керек.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы – бұл біздің жетістіктерімізді ой елегінен өткізудің, болашаққа міндеттерді айқындаудың мүмкіндігі. Мерейтойды атап өту қазақстандық мемлекеттілік пен патриотизмді нығайтуға ықпал етуі тиіс.

**2021 жылдың 16 қарашасында** көрнекті тарихшы-ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі, Қазақстан Республикасының Халық депутаты, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының, Қазақстан Республикасы Президентінің «Бейбітшілік және рухани келісім» сыйлығының иегері Манаш Қабашұлы Қозыбаевтың туғанына 90 жыл толады.

2003 жылдың 30 мамырында Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетіне академик М.Қозыбаевтың есімі беріліп, көрнекті ғалымға ескерткіш орнатылды.

Академик М.Қозыбаев – 800-ден астам ғылыми және ғылыми-көпшілік еңбектердің, оның ішінде 30 монографияның (оның 18-і бірлескен авторлықта), 50-ден астам ұжымдық еңбектің, оқулықтар мен оқу құралдарының авторы. Ғалымның еңбектерінің жартысынан көбі Қазақстанның Тәуелсіздік кезеңінде жарияланған. Ғалымның 50-ден астам еңбегі Тәуелсіздік мәселелеріне арналған. Академик М.Қозыбаев өз еңбектерінде қазақ халқының ұлттық сана-сезімін оятуға, мемлекеттілік идеологиясын нығайтуға, Қазақстан Республикасының этнотерриториялық тұтастығына назар аударады.

Академик М.Қ. Қозыбаевтың ғылыми ізденісі белсенді азаматтық ұстаныммен, өткен мен бүгінгі күннің аса өткір проблемаларына үндеумен, қазақ тілінің, мәдениетінің ұлттық өзіндік ерекшелігін сақтауға ұмтылумен ұштасты. Өз елінің нағыз патриоты ретінде оның болашағы толғандырды. М.Қозыбаев дала өркениетінің зерттелуін қорытындылай келе, «Қазақ этносы Қазақстан халықтарының біріктіруші бастауы ретінде – дала өркениетінің тарихи-мәдени мұрасын жалғастырушылардың бірі» деп атап өтеді.

1995 жылы академик М.Қозыбаевтың жетекшілігімен Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік саясат жөніндегі ұлттық кеңеспен қабылданған *«Қазақстан Республикасында тарихи сананың қалыптасу тұжырымдамасы»* атты қазақстандықтардың тарихи санасын қалыптастыру процесіне ықпал еткен алғашқы әрі маңызды құжаттардың бірі әзірленді. Тұжырымдаманың негізгі мақсаты қазақстандықтардың тарихи санасын қалыптастырудағы мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарын айқындау, тарихи зерттеулер әдіснамасының проблемасы және жинақталған тарихи білімдерді қайта бағалау, қазақ халқының этногенезі мен этникалық тарихының проблемасы, ұлттық мемлекеттілік пен Ұлттық қауіпсіздік проблемасы болды.

Бүгінгі таңда ұлы ғалымның ғылыми мұрасы маңызды әрі өзекті болып қала береді және елдің ғылыми ойының дамуының идеялық негізіне айналды.

Еліміздің Президенті Қ.Тоқаев өзінің «Тәуелсіздік – бәрінен қымбат» атты бағдарламалық мақаласында қоғамдық өмірдің түрлі аспектілеріне, соның ішінде Қазақстанның тарих ғылымы саласына қатысты бірқатар маңызды және тағдырлы бастамаларын атап өтті: 1921-1922 жылдардағы жаппай ашаршылық туралы, «Қазақстан тарихы» академиялық көп томдық басылымының көне заманнан бүгінгі күнге дейінгі жаңа нұсқасын жазу туралы, біздің Отанымыздың қысқаша тарихын жазудың маңыздылығы туралы. Президенттің бұл бастамалары қоғамды рухани жаңғырту, ұлттық кодты қайта қалыпқа келтіру, саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау академик М.Қозыбаев айтқан өзекті мәселелердің заңды жалғасы болып табылады.

Академик М.Қозыбаевтың 90 жылдығына арналған түрлі іс-шараларды өткізу тек ұжым мен білім алушылар үшін ғана емес, сондай-ақ өңір, ел, алыс және жақын шетел жұртшылығы үшін де зор маңызға ие.

## **II. ІС-ШАРАЛАРДЫ ӨТКІЗУДІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

**Мақсаты:** Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерейтойының маңыздылығын және Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы мен дамуындағы рөлін ұғыну арқылы қазақстандықтардың патриоттық сезімін күшейту.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы М.Қ. Қозыбаевтың 90 жылдығын мерекелеу бойынша жүйелі және кешенді жұмыстар жүргізу. Іс-шаралар жоспарын орындау отандық тарих, өңірлік тарих мәселелері бойынша зерттеулерді өзектендіреді, Солтүстік Қазақстанды дамыту бағдарламаларын әзірлеу кезінде әдіснамалық базаны жетілдіруге ықпал ететін болады.

### **Міндеттері:**

- Тәуелсіздіктің 30 жылы ішіндегі Қазақстанның жетістіктері мен табыстарын көрсету;
- Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың тәуелсіз Қазақстанды құрудағы тарихи рөлін көрсету;
- республиканың әлемнің дамыған 30 елінің қатарына кіруі жөніндегі мемлекеттің басты стратегиялық міндетін іске асыруға ЖОО қызметкерлері мен білім алушыларды тарту;
- ұлы ғалым, академик Манаш Қозыбаевтың ғылыми мұрасын жастар, өңір, ел, алыс және жақын шетел жұртшылығы арасында танымал ету
- университетті қоғамдық, мәдени өмірде, аймақтың және елдің ғылыми ортасында маңызды орын алатын өзінің бай дәстүрі бар екенін көрсету.
- университет ұжымын университет және жалпы жоғары білім мен ғылым жүйесі алдында тұрған стратегиялық міндеттерді орындауға жұмылдыру.
- жастарды ұлы ғалымның ғылыми мұрасының мысалында тәрбиелеу.

## **ІС-ШАРАЛАРДЫ ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУДІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ**

Іс-шараның жүйелілігін әрі мезгілінде орындалуын қамтамасыз ету мақсатында әзірлеу және жүзеге асыру жөніндегі жоспарды дайындау, қабылдау қажет, онда мынадай бағыттар көрсетілуі тиіс:

**1. М. Қозыбаева атындағы СҚУ Ғылыми кеңесінің** отырысында Ұйымдастырушылық іс-шараларды дайындау және өткізу жөніндегі тұжырымдама мен іс-шаралар жоспарын, шығыстар сметасын айқындау, жұмыс топтарын құру және т. б.



**2. Безендіру және баспа қызметі.** Мұнда имидждік және тәуелсіз өнімдерін дайындау мен сатып алуға, полиграфиялық өнімдерді (шақырулар, бағдарламалар, сертификаттар және т.б.) дайындауға қатысты мәселелер қарастырылуы тиіс.

**3. Еліміздің тәуелсіздік жылдарындағы ЖОО жетістіктері** туралы, академик М.Қозыбаевтың өмірі мен қызметі туралы фильмдер шығаруды және таратуды, БАҚ-та насихаттау және тарату, мақалалар, очерктер жариялау, ЖОО ПОҚ сұхбаттары бойынша медиа-жоспарды әзірлеуді және іске асыруды қамтитын ақпараттық қамтамасыз ету.

**4. Қызметкерлерді, ардагерлерді, білім алушыларды, қонақтарды** «Академик Манап Қозыбаев» медалімен, грамоталармен, алғыс хаттармен марапаттау бойынша жұмыс.

**5. Университеттің материалдық-техникалық базасын дамыту** бойынша іс-шаралар, оның ішінде университет мұражайы залдарының ұй-жайларын дайындау, дизайн, ремонт және реконструкция мәселелері.

**6. ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына, академик М.Қозыбаевтың 90 жылдығына** арналған айтулы оқиғалар бойынша қонақтар, профессор-оқытушылар құрамы, университет қызметкерлері мен білім алушылардың қатысуымен өтетін түрлі іс-шаралар тізбесін қамтитын негізгі іс-шаралар күнтізбесі.

#### **ТҰЖЫРЫМДАМАНЫ ІСКЕ АСЫРЫЛУЫ:**

1. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен Академик М.Қозыбаевтың 90 жылдығына арналған тұжырымдаманың, ұйымдастыру және өткізу Жоспарының орындалуын ұйымдастыру комитетінің төрағасы, университет ректоры жүзеге асырады. Бағыт бойынша жұмысты Басқарма мүшелерінің, департамент директорларының басшылығымен жұмыс топтары жүзеге асырады.

2. Тұжырымдаманы іске асырудың негізгі кезеңдері:

- Дайындық кезеңі: **2021 жылдың қыркүйек-қазаны.**
- Негізгі кезең: **2021 жылдың қараша-желтоқсаны.**

- Салтанатты іс-шара (Халықаралық конференцияны өткізу): **2021** жылдың 12 қарашасы.